

# Қабдеш Жұмаділов

# «Қаздар қайтып барады»

8 - сынып

# Мақсаты:

**Білімділік**

*СТО технологиясының “Проблемамен саудалас”әдісі арқылы әңгіме кейіпкерлері тағдырына үңіледі; Бүгінгі әдебиетіміздегі туған жер, сағыныш ұғымына тереңдейді.*

**Дамытушылық**

*Талдай,түсіне оқу, тақырыпты қорыта алу, пікір білдіру дағдыларын қалыптасып, рухани танымдарын кеңейтеді.*

**Тәрбиелік**

*Жеке, жұптық, топтық жұмыстар арқылы шығармашылықпен ізденеді; Бірін-бірі тыңдауға, бағалауға, үйренгендерін өмірде қолдана біледі.*

# «Ойлану баспалдағы» әдісі

# Ойлану баспалдағы

- 1. **Қарт**

# Ойлану баспалдағы

- 2.            Қарт            туған жер

# Ойлану баспалдағы

- 3. Қарт туған жер сағыныш

# Ойлану баспалдағы

| № | Сұрақтар |
| --- | --- |
| 1. | Қарттың тағдыры қандай? |
| 2. | Қарт туған жерді қанша жыл армандады? |
| 3. | Қарт туған жерге сағынышын қалай басты? |



# Сабақтың эпиграфы.

*Барған сайын өмір озып,*
*Жақындайсың жаныма сен.*
*Алтын уық, асыл үзік –*
*Туған мекен – барым әсем.*

*Ғафу Қайырбеков*

# «Проблемамен саудалас» әдісі

# Шарты:

- 1.Жеке жұмыс: Проблемалық бір сұрақ дайындайды.
- 2.Жұптық жұмыс: Жолдасымен ақылдасады.
- 3. Топтық жұмыс: Әр топ ұтымды сұрағын оқиды.
- 4. Қалған 3 топ өз түсінік терін айтады.
- 5.Ойын еркін жеткізу шеберлігін, проблеманы шешуге ынталылығын топ жетекшілері бағалап отырады

- (Топ мүшелері СТО әдістерімен жауап береді.
- Еркін әңгіме «Сезімнен туған өлең»
- 5 минуттық эссе. Постер қорғау Венн диаграммасы т.б.)


Іздеңген жетер мұратқа
Қандастардың елге оралуы
Елге келе алмай жүргендер
Шетелге кетіп жатқандар
Сатылып кетіп жатқан қаракөздеріміз
Сағыныштың ащы дәмі мен қуанышы
Ғ.Қайырбеков “Сағыныш желкен”
Көркем туындылар
Т.Айбергенов “Сағыныш”
М.Мақатаев “Туған жер”

# Ғафу Қайырбеков “Сағыныш желкен”

| | |
|---|---|
| Барған сайын өмір озып,<br>Жақындайсың жаныма сен.<br>Алтын уық, асыл үзік –<br>Туған мекен – барым әсем.<br><br>Шарлап талай жердің бетін,<br>Жас шағында – еркін желік.<br>Қариялар ел іздейтін<br>Қартайған қаз секілденіп.<br><br>Сонда осылай оларды да<br>Тартар сенің кезің екен!<br>Алып келер өз алдыңа<br>Айна –шырақ көзің екен! | “Іздемейді ол мені” – деген<br>Пендешілік сезім екен.<br>Бақытсыз ғой ел білмеген<br>Жаны салқын, өзі бөтен.<br><br>Соны дағы өгейсітпей,<br>Іздер топырақ “перзентім”деп.<br>Қайран ана, көңілі сүттей,<br>Өкпе тұтпас сен кеттің деп.<br><br>Іздеді ме аулым алыс,<br>Тебіренді ғой тағы да ішім?<br>Алдыма түс, мені алып ұш,<br>Аппақ желкен – сағынышым! |

# М. Мақатаев “Туған жер”

Туған жер сағындырды, келді есіме,
Өзім кепіл енді оны көрмесіме.
Тағыдай тауда өскен тарлан едім,
Танылдым емхананың бөлмесіне,
Кім кепілдік береді өлмесіме!

Қасқа бұлақ, қасыңнан неге кеттім?!
Не деген жел айдаған көбелекпін.
Еркіндік, еркелікті місе тұтпай,
Тасқа әкеп өзімді-өзім шегелеппін...

Пай,пай! Пай! Сағындым-ау, сағындым-ау!
Тадықсып, тар төсекке таңылдым-ау!
Қапыда қалтылдаған жаным мынау!
Жаратқан, неғылдым-ау, неғылдым-ау?!

# Т.Айбергенов “Сағыныш”

Мен бүгін сонау көгілдір көлге сағынып ұшып барамын,
Бірге қақ қанат, қасымнан қалмай, сағынып көрген қарағым.
Жалғасын сен айт бұл асқақ әннің, жабылып кетсем мен егер,
Ғұлама жылдар судырлатқанда парағын...

Қараңғы түнде қамығып жүрсең, қанатына алып қаусырар,
Бұл өзі, жаным, әйбат-ақ дүние, күні жоқ тіпті таусылар,
Сағыныштар да төбеңнен өтер, түйдек те түйдек көш болып,
Көктемдегі барлық тырнаның даусы бар!

Зулайды ол бүгін — тұсымда менің жаңғырып барып ендікпен,
Сұрша құмдарға, құм шағылдарға таңдайы кеуіп сел күткен,
Егер сен жарық жанарыңды алсаң қайғы мен мұңға қаптатып,
Сағынып жүрмегендіктен!

Сағыныш деп ұқ, жүйткісе поезд, босағасына әнді іліп,
Сағыныш деп ұқ, далалар жатса, қалалар жатса жаңғырып.
О, сәлем саған, шартарап қырға жұлдыз боп ағып баратқан,
Өз жүрегімнің түкпіріндегі тұңғиық, түпсіз мәңгілік!

# Сағыныш саздары





# Шет жердегі қандастарымыз

- Тағдыр талайымен жер шарының түкпір - түкпірінде, атап айтқанда, 55 елінде біздің қандастарымыздың жүргендігін «Көші - қон демографиясы» зерттеген екен.

- 

| | |
|---|---|
| АҚШ - та | 14 000 |
| Украинада | 15 000 |
| Түркияда | 25 000 |
| Тәжікстанда | 10 000 |
| Иранда | 12 000 |
| Өзбекстанда | 1550 000 |
| Моңғолияда | 100 000 |
| Ресейде | 740 000 |
| Қырғызстанда | 45 000 |
| Қытайда | 1 500 000 |

# Соңғысөзді мен айтайын» әдісі
# і

# Шарты:

- Осы айтылған мәселелер бойынша бір оқушы
  қорытынды жасайды

**Т.Атшыбаев – маңғыстаулық ақын, журналист, сазгер**



## *Сағыныш*
## *(Сөзі мен әні Талғат Атшыбаевтікі)*

| Жабырқап жүрген жанымды<br>Жап-жарық етті бір арай.<br>Әуенім жаңа, әуенім жаңа табылды<br>Әніме менің, әніме менің құралай.<br><br>Өзіңді жаным сағындым,<br>Өзгеден келмей бақ тапқым.<br>Осы бір менің, осы бір менің әнімнің<br>Мәні де сенсің, әні де сенсің тәп-тәтті. | Жүрегім солай салды әнге,<br>Сазымды өзің тек толға.<br>Сағыныш болсам, сағыныш болсам арман не,<br>Сағынатұғын, сағынатұғын сен барда.<br>Ілесіп аппақ арманға<br>Ақ ерке әнім сыңсиды.<br>Дәл мендей сені, дәл мендей сені жалғанда,<br>Дариға-ай,сірә, дариға-ай, сірә, дариға-ай,сірә, кім сүйді?! |
|---|---|

## Үйге тапсырма:

**Байтас қартқа хат**

**Елге оралған қандасымызбен сұхбат тасу.**

**«Тәуелсіздік құны неде?» ой-толғау жазу**

# Рефлексия



# *Топтастыру*

***Сағыны***
***ш***